

***Төлеби ауданының адами әлеуетті
дамыту бөлімінің «Ақарыс»бөбекжайы»МКҚК***

01-16

Меңгеруші жанындағы кеңестің хаттамалары

*5 жыл
16 тармақ(14)*

Қағаз жеткізгіштегі құжаттар және
олармен бірдей электрондық құжаттар.

2022-2023оқу жылы

05.09.2022 ж

Қатысқандар саны- 10

Күн тәртібі:

1. ҚР мектепке дейінгі ұйымдарды 2022-2023 оқу жылы әдістемелік нұсқаулық хатпен таныстыру және білім беру процесін ұйымдастыру туралы.
2. Балалардың бөбекжайдағы адаптациялық кезеңін ұйымдастыру шаралары.
3. «Алтын күз»ертеңгілігінің жоспарын талқылап бекіту.

1.Тыңдалды Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша бөбекжай меңгерушісі А.Кузенбаева сөз алып, «ҚР мектепке дейінгі ұйымдарды 2022-2023 оқу жылы әдістемелік нұсқаулық хатпен таныстыру және білім беру процесін ұйымдастыру туралы» айтып таныстырды.Сонымен қатар мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты 2022жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығына 1-қосымша өзгерістер туралы айтып өтті.Педагогикалық ұжымды осы өзгерістердің талаптарына сай педагогикалық процесті ұйымдастыруды ұсынды.Жаңа оқу жылының мақсат пен міндеттері талқыланып,ұжым арасында ой бөлісіп,пікір алмасты.

2.Тыңдалды Келесі мәселе бойынша бөбекжай педагог-психологы Ж.Нуралиева сөз алып балалардың бөбекжайда адаптациялық кезеңін ұйымдастыру шаралары туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізді.Ата-аналарға кеңес беріп баланың бөбекжайға бейімделуіне жауапкершілікпен қарауға шақырды.Жалпы баланың тез бейімделуі үшін жылы қарым-қатынас пен күнделікті бақылау жұмысы жүргізілетін айтты.Жаңа бөлмеге ойыншықтарға,тәрбиеші апайларға,балаларға қоршаған ортаға бейімделу кезі балаға стресс болып табылмауы тиіс екенін түсіндірді.Бөбекжайдың күн тәртібіне ата-анада балада бейімделуі тиіс екенін түсіндірді.

3.Тыңдалды Үшінші мәселе бойынша бөбекжай саз жетекшісі Г.Утегенова сөз алып «Алтын күз»мерекесіне арналған ертеңгіліктің жоспарымен таныстырды. Жоспарда балалардың ән айтуы ,би билеуі,тақырыпқа сай ойындар ұйымдастыруы ,топтың безендірілуі талқыланды.Балалардың,кейіпкерлердің киімдері дайындықтары айтылды.2022 жылдың қазан айының 14-ші жұлдызында «Аяулым»және «Балауса»топтарында ертеңгілік ұйымдастырылып өткізілсін.

Шешімі:

- 1.2022-2023 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқаулық хат таныстырылды деп есептелінсін.
2. Балалардың бөбекжайға бейімделу шаралары жалғастырылсын,ата-аналарға кеңес беру жұмыстары жүргізілсін.
3. «Алтын күз»ертеңгілігі жоспарына сай өткізілсін.

Кеңес төрайымы
Хатшысы



Кузенбаева А.Т
Нуралиева Ж.К

05.10.2022 ж

Қатысқандар саны- 10

Күн тәртібі:

- 1.Мәдени-гигиеналық дағдылардың орындалуы эпидемиологиялық тәртіптің сақталуы
- 2.Аттестатталатын педагогтардың жұмысы туралы.
- 3.Балалардың қол өнер жұмыстары,откізілген ертеңгіліктің қортындысы.
- 4.Тәрбиелеу білім беру процесінің циклограммасының жүргізілуі

1.Тыңдалды Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша бөбекжай меңгерушісі А.Кузенбаева сөз алып, мәдени-гигиеналық дағдылардың орындалуына талдау жүргізді.Сондай-ақ бөбекжайда эпидемиологиялық тәртіптің сақталуы туралы айтып өтті.Топта тазалықтың сақталынуы ,заласыздандыру шамының орнатылуы,уактылы жуып шайылуы бәрі айтылды.Бөбекжайда тұмау немесе баскада себеппен ауырған балаларды қабылдамау,ата-анасына ескерту,дәрігердің анықтамсы бойынша себепін енгізу туралы айтылды.

2.Тыңдалды Келесі мәселе бойынша бөбекжайда аттестатталатын педагогтардың жұмысы жайлы талқыланды.Қараша айында ҰБТ-ге қатысатын педагогтер С.Сарыбаева мен М.Пирназарова дайындықтарын күшейтіп,жетістіктерін жинақтау керек екені айтылды.Тәрбиеленушілердің аудандық жетістіктері болуы үшін байқауларға ,іс-шараларға қатысу керектігі айтылды.Портфолио жинақтау барысында педагог пен тәрбиеленуші жетістігі қаралатынын түсіндірді.Сондай-ақ Эссе жазу өз ойын анық қағазға түсіру ,педагогикалық тілдік кабілетін жеткізуге дайындалу керек екені түсіндірілді.Аттестаттаудың ережесіне жауапкершілікпен қарап мұқият дайындалу ұсынысы берілді және айтылды.

3.Тыңдалды Үшінші мәселе бойынша бөбекжай саз жетекшісі Г.Утегенова сөз алып «Алтын күз»мерекесіне арналған ертеңгіліктің қортындысын жасады. Ертеңгілікке топ бүлдіршіндері қызығушылықпен қатысты.Жаттауларын айтып,ән орындап,би биледі.Қызықты ойындар болды,ойын ережесін дұрыс орындауға тырысты. Педагогтардың көмегімен жасалған балалардың қол өнер жұмыстары бағаланды.Балалардың күз мезгілін безендіруге қызығушылықтары артты.

4.Тыңдалды Келесі төртінші мәселе бойынша бөбекжай меңгерушісі А.Кузенбаева сөз алып,топ тәрбиешілерінің тәрбиелеу білім беру процесінің циклограммасының жүргізілуі туралы айтып өтті.Оқу тәрбиелеу жұмысын күн тәртібіне лайықты жоспарларға сай жүргізу міндеттеледі.Стандартқа сәйкес күні бойы тәрбиелеу процесінің орындалуы талқыланды.Білім беру салалары кіріктіріліп бес сала бойынша іс-әрекеттер күн сайын жүргізілуі,балалармен іс-әрекетті дамытушы ойындар құрастыру арқылы жоспарлау керектігі айтылды.

Шешімі:

1. Бөбекжайда мәдени-гигиеналық дағдылардың орындалуы эпидемиологиялық тәртіптің сақталуы қадағалансын.
2. Аттестатталатын педагогтар аттестаттау ережесіне сәйкес құжат жүргізуі ескерілді.
3. Ертеңгіліктің қортындысы жасалды, қанағаттанарлық деп бағалансын.
4. Тәрбиелеу білім беру процесін циклограммасының жүргізілуі бақылауға алынсын.

Кеңес төрағасы
Хатшысы



Кузенбаева А.Т
Утегенова Г.А

05.11.2022 ж

Қатысқандар саны- 10

Күн тәртібі:

4. Тамақтандыруды ұйымдастыру сапасын талқылау.
5. Бірінші тоқсандағы ұжымдық іс-әрекетіне енудің қортынды нәтижесі.
6. Ұжымға арналған тренинг «Қарым-қатынас мәдениеті».

1.Тыңдалды Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша бөбекжай меңгерушісі А.Кузенбаева сөз алып, тамақтандырудың ұйымдастыру сапасын талқылады.Жаңа маусым күз мезгілінің аяқталып қыс мезгілінің басталуына байланысты тамақтану сапасын толықтырулар еңгізілуі туралы айтып өтті.Ас мәзірінде азық түлік сапасын бақылауды,тамақтану барысында норманың сақталынуы,азық түлік қоймаларының талапқа сай болуын қадағалау жұмыстары талқыланды.Тамақ мөлшерінің энергетикалық құндылықтары,үйлесімді тамақтану тәртібі,гигиеналық талаптарды сақтау ережелері қайта түсіндірілді.Барлық азық-түліктер санитарлық ережелерге сәйкес эпидемиологиялық қортындылары каралды.

2.Тыңдалды Келесі мәселе бойынша бөбекжай педагогтары өзара іс-әрекеттеріне енудің нәтижесін талқылады.Пікір алмасып ой бөлісті.Күн тәртібін жоспарға сай ұйымдастыру,талапқа сай жұмыс жүргізу бойынша ой бөлісті.Тәрбиеленушілердің қызығушылығы бойынша топтық жұмыс жүргізу,жеке даму картасын толтыру туралы айтылды.Іс-әрекеттерді кіріктіріп ұйымдастыру,балалардың сөйлеу қабілеттерін, қабылдау,ойлау,ерекшеліктерін арттыруға байланысты ойындар туралы тәжірибе бөлісті.

3.Тыңдалды Үшінші мәселе бойынша бөбекжай психологы Ж.Нуралиева сөз алып ұжымға арналған «Қарым-қатынас»мәдениеті тақырыбында тренинг ұйымдастырды. Ең бірінші бір-біріне арналған жақсы тілек айтудан бастады.Екі тәрбиешіні ,екі басқа қызметкерді диалог құруға шақырды.Әр түрлі жағдайларды мысалға келтіре отырып , ұжымда қарым-қатынас мәдениеті дұрыс қалыптасуы туралы айтып өтті.Ересек адам өзін көпшілік ортада мәдениетті ұстауы,балаларға үлгі боларлықтай тұлға ретінде жүруін,жағымды эмоция көрсетуі тиіс екенін айтып өтті.Еш уақытта қарым-қатынасты кикілжінге ,дау-дамайға айналдыруға жол бермеу керектігі айтылды.Жақсы жылы қарым-қатынас болған ортада жұмыс ахуалы да жақсы жүретінін айтты.

Шешімі:

1. Тамақтандыруды ұйымдастыру сапасын қадағалау жалғастырылсын.
- 2.Тәжірибе алмасу, іс-әрекетіне ену жұмыстары жалғастырылсын.
3. Ұжымда жақсы қарым-қатынас эмоцияналды қарым-қатынас жасау мәдениеті сақталынсын.

Кеңес төрайымы

Хатшы



Кузенбаева А.Т

Нуралиева Ж.К

05.01.2023 ж

Қатысқандар саны- 10

Күн тәртібі:

1.Мемлекеттік ЖМБСтандартының индикаторларының негізінде жасалған жарты жылдық мониторинг қортындысы.

2. «Жас Өнерпаз»байқауының ұйымдастырылуы және қортындысы.

3.Ұйымдастырылған ашық іс-әрекеттердің қортындысы.

1.Тыңдалды:Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша бөбекжай әдіскері Ж.Нуралиева сөз алып, Мемлекеттік ЖМБСтандартының индикаторларының негізінде жасалған жарты жылдық аралық мониторингке мәлімдеме жасады.Ұсынылған екзел кесте бойынша тәрбиеленушілердің бақылау парағы толтырылды. «Аяулым»ересек тобында жоғары дағды 17 бала,дағдылары орташа-11,төмен-2 бала көрсетті.Ортаңғы «Балауса»тобының жоғары деңгей-7 бала,орташа деңгей-15 бала,төмен дағды-8 баланы көрсеткенін мәлімдеді.Анықталған көрсеткіш бойынша жеке даму картасында түзету іс-әрекетін толықтыруын тапсырды.Балалардың дағды бойынша білімдерін арттыруды айтты.

2.Тыңдалды Келесі мәселе бойынша бөбекжай педагогтары «Жас Өнерпаз» байқауының қортындысын жасады.Бөбекжайда 7 тәрбиеленуші сайысқа қатысты.Байқаудың үш кезеңіне сәйкес тәрбиеленушілер 1)Өзін-өзі таныстыру, 2)Өнерлі өрге жүзер,3)Қол өнер.Байқау шарттарын орындады.Әр қатысушы қызығушылықпен байқау кезеңдерін орындады.Өздерін еркін ұстап,ортаға бейімделуге тырысты.Байқау қортындысының нәтижесінде тәрбиеленушілер әр түрлі өнер номинациясымен марапатталды.

3.Тыңдалды Үшінші мәселе бойынша бөбекжай тәрбиешілерінің ұйымдастырылған ашық іс-әрекеттердің қортындысын танытады.Ортаңғы топ тәрбиешісі А.Кемелбекова «Сиқырлы пішіндер» атты тақырыпта тәрбиеленушілермен ашық іс-әрекет өткізді.Іс-әрекеттің мақсаты орындалды.Өртүрлі пішіндерді ажырата отырып балалар берілген тапсырмаларды орындады.Ересек топтың тәрбиешісі М.Пирназарова «Гүл көктем» тақырыбында іс-әрекет ұйымдастырды.Тақырыпқа сай тәрбиеленушілер көктем гүлін қызғалдақты бейнеледі.Елбекке баулуға байланысты гүл отырғызып,гүлге камқорлық көрсетіп баптауды үйренді.Келесі тәрбиеші С.Сарыбаева «Сиқырлы сандар»атты тақырыпта ашық іс-әрекет өткізді.Тәрбиеленушілер сандарды танып,сәйкестендіріп,цифраның асық ойындарын ойнады.Орындалған тапсырмаларға іс-әрекетіне қызығушылықпен қатысты.

Шешімі:

1.Аралық мониторингтің мәліметі берілді деп есептелінсін.Жеке даму карталарына толықтырулар,түзетулер енгізілсін.

2. «Жас өнерпаз» қортындысы мәлімделсе, жасалды деп есептелінсін.

3.Ұйымдастырылған ашық іс-әрекеттердің қортындысы жасалды деп есептелінсін.

Кеңес төрайымы

Хатшысы



Кузенблева А.Г

Нуралиева Ж.К

06.02.2023 ж

Қатысқандар саны- 10

Күн тәртібі:

- 1.Наурыз айында өткізілетін ертеңгіліктердің өту сапасын талқылап ,күн тәртібін бекіту.
2. Бала өмірін ұйымдастыру.Тамақтану нормаларының орындалуы.

1.Тыңдалды:Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша бөбекжай педагогтары наурыз айында өткізілетін ертеңгіліктердің өту сапасын талқылады.8-наурыз Халықаралық әйелдер мерекесіне орай топтарда «Анаға көмек» атты көңілді ойындар ұйымдастырылды.Балалар үй шаруасында әжелеріне,аналарына қамқор болуды,көмек беру,қуанту т.б ойындарды қызығушылықпен қатысқандық мәлімдеді. «Наурыз-Ұлыстың ұлы күні»атты тақырыпта топтарда ертеңгілік өткізілді.Ұлттық құндылықтарды насихаттай отырып,салт-дәстүрді қолдана отырып ұйымдастырылды. Ұлттық киімдер киіп өнер көрсетіп,кең дастархан аясында наурыз көженің дәмін татты.Балалар наурыз мерекесін сезінді-деп қортынды жасалды.

2.Тыңдалды Келесі мәселе бойынша бөбекжай меңбері С.Калиева сөз алып ,бала өмірін ұйымдастыру және тамақтану нормаларының орындалуы туралы мәлімдеме жасады.Бөбекжайда бекітілген күн тәртібіне лайықты балалардың уақтылы мерзімге сай киінуі,таза ауада жиі серуендеуі,қимыл-қозғалыс дамыту жаттығуларының тұрақты жүргізілуі туралы да айтып өтті.Сондай-ақ тамақтану нормаларының ережеге сай сақталуы,берілуі туралы айтып өтті.Мәдени-гигиеналық тазалықты тәрбиешілер мен тәрбиеленушілер жатқа қолдануы тиіс.Өрі үнемі бақылауда ұстау қажет екені ескертілді.

Шешімі:

1. «Анаға көмек» атты көңілді ойындар және «Наурыз-Ұлыстың ұлы күні»атты ертеңгіліктердің қортындысы жасалды деп есептелінсін.
- 2.Балалар өмірін ұйымдастыру күн тәртібіне сай жүргізіліп , тамақтану нормаларының орындалуы ережеге сай жүзеге асырылсын.

Кеңес төрағасы

Кузенбаева А.Г

Хатшысы:

Нуралиева Ж.К



28.03.2023 ж

Қатысқандар саны- 10

Күн тәртібі:

1. «Қош бол бөбекжайым»бөбекжай түлектеріне арналған күн тәртібінің ертеңгілігін бекіту.
2. «Әлемде талай қызық бар»бейнесабак.

1.Тыңдалды:Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша бөбекжайда бітіруші түлектердің тізімі жасалып,коштасу ертеңгілігінің жоспары талқыланды.Балалар 3 жастан бастап 5 жасқа шейін бөбекжайда үйренген алған оқу тәрбие білімдерін ортаға көрсетуді және ата-аналарын қуантуды жоспарлаған қызықты көтеріңкі көңіл күй сыйлайтынын талқылады.Саз жетекші Г.Утегенова және тәрбиешісі С.Сарыбаева балалармен өткізілетін ертеңгіліктің ұйымдастырылуы бойынша ұсыныстары мен пікірлерін талқылады.Педагогикалық ұжымға ертеңгілікті жоспардағыдай өткізуі,жауапкершілікпен орындау ескертілді.

2.Тыңдалды Келесі мәселе бойынша балалардың қызығушылығын арттыруға байланысты «Әлемде талай қызық бар» атты бейнесабактың көрсетілімі бойынша қортынды жасалды.Балаларға 3D,5D мобилді планетари арқылы қараңғыға жарық жарық түсіре отырып,космосқа саяхат,жұлдызды аспандыдағы ірі ақуалалар,жабайы аңдар,ертегі әлеміне пойызбен ,ұшақпен бару секілді көріністерді тамашалады.Балалар керемет таңғажайып әсер алып,көңіл-күйлері көтерілді.Сөзімдері,көрген көріністері бойынша ой бөлісті.

Шешімі:

1. «Қош бол бөбекжайым»атты ертеңгілікті жоғары деңгейде ұйымдастырылуы қадағалансын.
2. Балалардың қызығушылығын арттыруға арналған «Әлемде талай қызық бар»атты бейнесабактар қойылымдары ұйымдастырылсын.

Кеңес төрайымы

Хаттамасы:



Кузенбаева А.Т

Нуралиева Ж.К

